

«Самұрық-Қазына» АҚ
Директорлар кеңесінің сырттай
отырысының
2024 жылғы 20 мамырдың № 235
хаттамасына
№ 2 қосымша

«Самұрық-Қазына» АҚ
Директорлар кеңесінің
2024 жылғы 20 мамырдың шешімімен
бектілген
(№ 235 хаттама)

**«САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЯСАТЫ**

Нұсқа: 2.0

Иесі: Комплаенс қызметі

Әзірлеуші: А.А. Дәрменов

Астана, 2024 жыл



Мазмұны

1. Мақсаты және қолдану саласы.....	3
2. Анықтамалар мен қысқарған сөздер	3
3. Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қағидаттары...	5
4. Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін ұйымдастыру тәсілі	7
5. Қордың компаниялар тобындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы көшбасшылығы.....	8
6. Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі	9
іс-қимылы	9
7. Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті қамтамасыз етуі.....	12
8. Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметінің нәтижелерін бағалау	13
9. Жауапкершілік.....	13
10. 1-қосымша	15



1. Мақсаты және қолдану саласы

1. Осы «Самұрық-Қазына» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де заңнамалық актілеріне, Мінез-құлық кодексіне, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның (бұдан әрі – Қор) қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді.

2. Саясат Қордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерді белгілейді.

3. Осы Саясаттың негізгі мақсаты Қордың және оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мінез-құлқының жоғары стандарттарына, ашық және адал бизнес жүргізуге бейілділігін білдіру, іскерлік беделін нығайту және Қорға деген сенімін арттыру болып табылады. Осы Саясат пен Қордың Мінез-құлық кодексінің нормалары бір-бірін өзара толықтырады.

4. Осы Саясат Қордың барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің, Қордың үлестес тұлғаларының, сондай-ақ Қор іскерлік немесе еңбек қатынастарын орнататын өзге де үшінші тараптардың танысуы және мүлтіксіз сақтауы үшін міндетті болып табылады..

5. Қордың портфельдік компанияларына осы Саясат негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мәселелерді регламенттейтін ұқсас құжатты әзірлеу және белгіленген тәртіппен бекіту ұсынылады.

6. Осы Саясат Қордың корпоративтік веб-сайтында орналастырылуы тиіс.

2. Анықтамалар мен қысқарған сөздер

7. Осы Саясатта мынадай анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама	ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзге де нормативтік құқықтық актілер;
қауымдастырылған тұлғалар	Қордың Директорлар кеңесінің, Басқармасының мүшелері, агенттер, бірлескен кәсіпорындар бойынша әріптестер, еншілес және тәуелді ұйымдар және Қорға қызмет көрсететін немесе оның атынан әрекет ететін өзге де тұлғалар;

сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау	Қордың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді анықтау және зерделеу жөніндегі қызметі;
лауазымды тұлғалар	Директорлар кеңесінің, Басқарманың мүшелері, басқару функцияларын атқаратын тұлғалар;
басқару функцияларын орындайтын тұлға	тұрақты, уақытша не арнаулы өкілеттік бойынша ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам. әкімшілік-шаруашылық функциялар - Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен берілген ұйымның балансындағы мүлікті басқару және оған билік ету құқығы. ұйымдастыру-өкімдік функциялар - Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен қызметіне бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығару, сондай-ақ бағыныстыларға қатысты көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазалар қолдану құқығы;
материалдық сыйақы	үшінші тұлғалардың пайдасына берілетін немесе қабылданатын материалдық құндылықтар, пайда немесе артықшылық;
ПК/портфельдік компаниялар	меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамын Қор тікелей иеленетін ұлттық компаниялар мен басқа да заңды тұлғалар;
мүдделер қақтығысы	басқару функцияларын атқаратын адамдардың, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарма мүшелері мен қызметкерлердің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;
сыбайлас жемқорлық	басқару функцияларын атқаратын адамдардың жеке өзі немесе делдалдар арқылы мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтарды өзі не үшінші тұлғалар үшін алу немесе алу мақсатында өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктері мен олармен байланысты мүмкіндіктерін заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтар беру арқылы осы адамдарды сатып алуы;



сыбайлас жемқорлық тәуекелі	сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;
сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер	мүлік немесе өзге игіліктер түрінде пайда алу мақсатында өзінің қызмет бабын пайдалана отырып, Қордың лауазымды адамы, қызметкері жасайтын қасақана әрекеттер (іс-әрекет немесе әрекетсіздік);
контрагент	Қор шарт/келісім жасасқан не жасасуды жоспарлаған жеке немесе заңды тұлға;
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	Қордың және оның жұмыскерлерінің өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу және олардың зардаптарын жою жөніндегі қызметі;
өкілдік шығыс	қабылдаулар өткізуге, мәдени-ойын-сауық іс-шараларына қатысуға, буфеттік қызмет көрсетуге, аудармашының қызметіне ақы төлеуге және т.б. арналған шығыстар;
жұмыскер	егер мәтін бойынша өзгеше көрсетілмесе, Қормен еңбек қатынастарында тұрған адам;
АРБД	Адам ресурстарын басқару департаменті;
жауапты құрылымдық бөлімше	Қордың комплаенс қызметі;
Қор	«Самұрық-Қазына» АҚ.

Осы Саясатта қолданылатын, бірақ ашылмаған ұйғарымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қордың [Жарғысында](#) және өзге де ішкі құжаттарында пайдаланылатын ұйғарымдарға сәйкес келеді.

3. Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қағидаттары

8. Қордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары:

1) **сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік** - Қор өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысандар мен көріністерде сыбайлас жемқорлықты толығымен қабылдамау қағидатын ұстанады. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік шыдамдылық қағидаты Қордың

атынан немесе оның мүддесі үшін әрекет ететін үлестес тұлғалар мен жұмыскерлерге қандай да бір елде бизнес жүргізу практикасына қарамастан, тікелей немесе жанама, жеке немесе қандай да бір делдалдық арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді;

2) **жоғары басшылықтың бейілділігі және «жоғары ықпалды» белгілеу** - Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасы сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыруда және Қорда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жүйесін құруда негізгі рөл атқарады. Қордың Директорлар кеңесінің және Басқармасының мүшелері сыбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген нысандарына және барлық деңгейлерде ымырасыз қарым-қатынас туралы ашық және ұдайы мәлімдеуге, осы қағидатты жеке мысалында көрсетуге, сақтауға және іске асыруға тиіс;

3) **жұмыскерлердің тартылуы** - Қор өзінің лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ережелері туралы хабардар етеді және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын қолдайды;

4) **жазаның бұлтартпастығы** - Қор өздерінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларына қарамастан, Қор жұмыскерлерін жазалаудың бұлтартпастығы туралы мәлімдейді;

5) **зандылық** - Қор қызметін жүргізетін немесе жүргізуді жоспарлайтын Қазақстан Республикасының және өзге де елдердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтайды және оның кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларына қайшы келмейді. Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы барлық ішкі нормативтік құжаттары қолданыстағы заңнамаға және жалпы қабылданған нормаларға сәйкес келуге тиіс;

6) **сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі рәсімдердің үйлесімділігі** - Қор Қорды, оның үлестес, лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерін Қордың қызметінде туындауы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мөлшерлес сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту ықтималдығын төмендетуге мүмкіндік беретін бақылау рәсімдерін әзірлейді және енгізеді;

7) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі** - Қор рәсімдерді мүмкіндігінше ашық, түсінікті, орындалатын етіп жасауға тырысады, бұл оларды іске асырудың қарапайымдылығын және мағыналы нәтиже алуды қамтамасыз етеді. Қор қолданыстағы бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалауды жүзеге асырады және тиімсіз болған жағдайда оларды жетілдіреді;

8) **мониторинг және бақылау** - Қор сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жай-күйіне мониторингті жүзеге асырады, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бойынша енгізілген рәсімдердің сақталуын және олардың тиімділігін бақылайды;



9) мүдделер қақтығысын болдырмау - Қор Қордың мүдделерімен мүдделер қақтығысы болған жағдайда Қор жұмыскерлері Қорда шешім қабылдауға тікелей немесе жанама әсер етпеуі тиіс деп есептейді;

10) тиісті сақтық - Қор контрагенттермен, жұмысқа кандидаттармен немесе өзге де үшінші тұлғалармен іскерлік қатынастар туындаған/жалғастырған кезде олардың сенімділігін және мүдделер қақтығысының болмауын уақтылы тексеруді жүзеге асыра отырып, тиісті сақтық танытады;

11) көшбасшылық және үйлестіру - Қор Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы портфельдік компаниялармен және еншілес және тәуелді ұйымдармен, мемлекеттік органдармен және Қордың қауымдасқан/үшінші тұлғаларымен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде іс-қимылдарды үйлестіруді қамтамасыз етеді.

4. Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін ұйымдастыру тәсілі

9. Қордың Директорлар кеңесі:

1) комплаенс жүйенің тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етеді;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі принциптері мен әдістерін, сондай-ақ комплаенс саласындағы өзге де қажетті құжаттарды айқындайтын сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бекітеді;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл саясатының және компанияның мақсаттары мен стратегиясымен комплаенс саласындағы өзге де құжаттардың келісілуін қамтамасыз етеді;

4) Қордың комплаенс жүйесін әзірлеуі мен енгізуіне және оның нәтижелілігіне, сондай-ақ оның тиімді жұмыс істеуі үшін бөлінген ресурстардың жеткіліктілігіне бақылауды жүзеге асырады;

5) Қорда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінің жұмыс істеуі тиімділігін бақылауды жүзеге асырады;

6) мерзімді түрде, бірақ жылына кемінде 1 (бір) рет комплаенс жүйесінің құрылуы мен жұмыс істеуі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында қабылданатын шаралар туралы ақпарат алады;

7) өткізілген ішкі аудит немесе үшінші тараптың талдауы негізінде комплаенс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттарға қол жеткізуді мерзімді, бірақ жылына кемінде 1 (бір) рет бағалайды.

10. Қор Басқармасы:

1. комплаенс жүйесі мен функциясының тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті шараларды қабылдауға;

2. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесін әзірлеуді, енгізуді, жұмыс жағдайында ұстауды және қайта қарауды қамтамасыз етуге;

3. комплаенс жүйесінің тиімді жұмыс істеуі үшін жеткілікті және тиісті ресурстарды ұсынуға;

4. комплаенс мәдениетін ілгерілету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және бұзушылықтардан бас тартуға;

5. компания жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлыққа тиімді қарсы іс-қимылдың маңыздылығы және комплаенс жүйесінің талаптарына сәйкестігі идеяларына тартуға;

6. сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесін үнемі жақсартуға;

7. жұмыскерлерді бастамашыл ақпараттандыру құралдарын пайдалануға ынталандыруды қамтамасыз етуге (жедел желі);

8. жұмыскерлердің ешқайсысы адал ниетпен немесе негізделген болжам бойынша компанияда жасалған бұзушылықтар туралы хабарламалар үшін немесе мұндай бас тарту ұйымның бизнесі үшін шығындарға әкелуі мүмкін болса да, сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қатысудан бас тартқаны үшін қудалауға, кемсітуге немесе тәртіптік ықпал ету шараларына ұшырамайтынына кепілдік беруге жауапты;

11. Қорда Комплаенс қызметі (бұдан әрі – КҚ) құрылды және жұмыс істейді, оның мақсаты компанияның маңызды комплаенс және сыбайлас жемқорлық тәуекелдері тиісті түрде басқарылатынына ақылға қонымды сенімді қамтамасыз ететін тиімді комплаенс жүйесін құруда Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасына қолдау көрсету болып табылады. КҚ мақсаттары мен міндеттері КҚ туралы ережемен реттеледі

12. КҚ тәуелсіздігі:

1. Қордың Директорлар кеңесінің комплаенс саласындағы ережелер мен негізгі саясаттарды, жұмыс тәртібі мен КҚ жоспарларын бекітуі;

2. Қордың Директорлар кеңесінің комплаенс тәуекелдерінің мәртебесі және Қордағы комплаенс жүйесінің жұмыс істеуі туралы ақпаратты тұрақты түрде алуы;

3. комплаенс жүйелердің жұмыс істеу мәселелерін және туындайтын шектеулерді талқылау үшін КҚ Директорлар кеңесіне тікелей қол жеткізуді қамтамасыз ету;

4. КҚ өкілеттіктері мен ресурстарының жеткіліктілігі арқылы жүзеге асырылады.

5. Қордың компаниялар тобындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы көшбасшылығы



13. Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасы жеке мысалда көрсетеді, сондай-ақ барлық жұмыскерлерден осы Саясаттың 3-бөлімінде көрсетілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қағидаттарға, оның ішінде Қор тобы компанияларының жұмыскерлерімен өзара іс-қимыл жасау кезінде басшылық ету қажеттігін талап етеді.

14. Қор сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы портфельдік компаниялардың көшбасшылығын өзіне алады және қызметін үйлестіреді.

15. Қор комплаенс функциясы бойынша корпоративтік стандартты бекіту, сондай-ақ Қордың құжаттарында айқындалған өзара іс-қимылдың өзге де құралдары арқылы Қор тобының ұйымдарында тиімді және нәтижелі комплаенс жүйесін құруға қатысады.

16. Қажет болған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы бөлінген мәселелер бойынша жұмыс істеу, сондай-ақ комплаенс тексерулер жүргізу үшін бірлескен жұмыс топтары құрылуы мүмкін.

17. Қор жыл сайын Директорлар кеңестеріндегі/байқау кеңестеріндегі өкілдер арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында қабылданатын шараларға қатысты, оның ішінде анықталған кемшіліктерді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін факторларды жою жөніндегі күтулер бойынша өз ұстанымын жеткізеді.

18. Қордың портфельдік компаниялармен өзара іс қимыл жөніндегі ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл мәселелері бойынша портфельдік компаниялардың бірінші басшыларын тыңдау жүргізілуі мүмкін.

6. Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-қимылы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау

19. Қор заңнамаға сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі бағалау жүргізеді.

20. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру мен бағалаудың мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау тәуекелдеріне ұшыраған және лауазымды адамдар мен жұмыскерлердің жеке пайда алу мақсатында да, Қордың пайда алу мақсатында да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау ықтималдығы жоғары Қордың қызмет түрлері мен бизнес-процестерін анықтау болып табылады.

21. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру, бағалау сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жолымен жүргізіледі.

22. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бірдейлендіруді және бағалауды жүргізу, оларды барынша азайту жөніндегі шараларды әзірлеу тәртібі Қазақстан

Республикасының заңнамасымен және Қордың ішкі нормативтік құжаттарымен регламенттеледі.

Контрагенттерді тексеру

23. Қор сыбайлас жемқорлыққа қатысуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қарым-қатынас қаупін азайту үшін ақылға қонымды күш салуда. Осы мақсаттарда Қор контрагенттердің сыбайлас жемқорлыққа ықтимал қатысы бар-жоғын бағалауды, оның ішінде олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы өз саясатының немесе рәсімдерінің бар-жоғын тексеруді, олардың осы саясаттың талаптарын сақтауға және шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелерді енгізуге дайындығын, сондай-ақ бизнесті әдепті жүргізу және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін өзара жәрдем көрсетуді жүргізеді.

24. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені пайдалану Тараптар арасындағы сенімді сақтауға және шарттар жасасу кезінде де, орындау кезінде де сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға көмектеседі.

25. Контрагенттерді бағалау мен тексеруді жүргізу тәртібі Қордың ішкі нормативтік құжаттарымен регламенттеледі.

Қайырымдылық, демеушілік және саяси қызметке қатысу

26. Қордың Директорлар кеңесі бекітетін қайырымдылық бағдарламасына сәйкес қайырымдылық көмек көрсете алады, онда қайырымдылық көмек көрсету мөлшерінің лимиті көзделеді. Қор, сондай-ақ лауазымды адамдар мен жұмыскерлер өз қызметінде артықшылық алу немесе сақтау мақсатында саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді қаржыландыруды жүзеге асырмайды.

27. Қоғамдық бірлестіктерге қатысқан кезде лауазымды адамдар мен жұмыскерлерге өз қызметінде Қор үшін артықшылық алу немесе сақтау мақсатында Қор атынан төлемдер ұсынуға, беруге, уәде беруге немесе жасауға, мүлік енгізуге, сыйлықтар беруге тыйым салынады.

28. Лауазымды адамдар мен жұмыскерлер қоғамдық ұйымдарға қатысқаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дербес жауапты болады.

Формальдылықты жеңілдету үшін төлем

29. Бұл Саясат формальдылықты жеңілдету үшін төлемдерді төлеуге немесе қабылдауға тыйым салады. Формальдылықты жеңілдету үшін төлем әдеттегі рәсімдерді орындау немесе жеделдету үшін лауазымды адамдар мен қызметкерлерге жасалған төлемдерді білдіреді. Формальдылықтарды оңайлату үшін ақы төлеу көлемі туралы ақпарат ашық қолжетімді көрсетілетін қызметтер үшін ресми алымдардан ерекшеленеді

Сыйға тарту, сыйлықтар, өзге де қызметтер (ізеттілік белгілері) қабылдау



30. Қордың Мінез-құлық кодексіне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қор лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлерге, сондай-ақ осы адамдардың отбасы мүшелеріне, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кірсе не ол өзінің лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына осы адамның әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін ұсынылатын материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді алуға тиым салады.

31. Басқарушылық функцияларды орындайтын адамдардың және (немесе) олардың отбасы мүшелерінің хабарынсыз келіп түскен сыйлықтар мен ақша сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органға өтеусіз берілуі/аударылуы тиіс.

32. Қор ресми кездесулер барысында іскерлік сыйлықтармен (кәдесыйлармен) алмасуды және өкілдік шығыстарды, оның ішінде іскерлік қонақжайлылықты жүзеге асыруды бизнесті жүргізудің қажетті бөлігі және жалпы қабылданған іскерлік практика деп таниды. Қор іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық шығындарына қатысты адалдық пен ашықтық атмосферасын барлық жағынан көтермелейді.

33. Өкілдік шығыстарды, оның ішінде Қордың үшінші тұлғалармен іскерлік қонақжайлылығын жүзеге асыру:

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының, Мінез-құлық кодексінің және Қордың ішкі нормативтік құжаттарының нормаларына толық сәйкес келуі;

2) ақылға қонымды түрде негізделуі, мөлшерлес және сәнді заттар болмау;

3) қызмет, іс-әрекет, әрекетсіздік, жол бермеу, қамқоршылық, құқықтар беру, мәміле, келісім, лицензия, рұқсат және т.б. туралы белгілі бір шешім қабылдағаны немесе алушыға өзге де заңсыз немесе этикаға жат мақсатпен ықпал етуге тырысқаны үшін жасырын сыйақы ұсынбау;

4) қонақжайлылық таныту адамның белгілі бір тәсілмен әрекет етуіне ықпал етуге немесе итермелеуге немесе оның рөлін немесе функциясын орындағаны үшін сол адамды марапаттауға арналған деп есептемеу және қабылдамау;

5) сыйлықтар немесе өкілдік шығыстар туралы ақпарат ашылған жағдайда Қор, лауазымды адамдар мен жұмыскерлер, сондай-ақ өзге де адамдар үшін беделді тәуекел туғызбау;

6) қонақжайлылық көрсету орынды және осы Саясатта көзделген шектен шықпайды және тиісті бөгде ұйымның қонақжайлылығына қатысты саясатты бұзбау сияқты өлшемшарттарға жауап беруі тиіс.

34. Қонақжайлылықтың кез келген көрінісі ҚР заңнамасына және Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.



35. Мүдделер қақтығысын реттеу, сыйлықтарды қабылдау және беру тәртібі Қордың ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

Бастамашылық ақпараттандыру желісі бойынша түсетін жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс (Жедел желі)

36. Кез келген бұзушылықтар, атап айтқанда, Мінез-құлық кодексін сақтамау Қордың қызметі мен беделіне елеулі нұқсан келтіруі мүмкін. Осыған байланысты Қор жұмыскерлерден Мінез-құлық кодексін, сыбайлас жемқорлыққа, алаяқтық пен паракорлыққа және өзге де бұзушылықтарға қарсы күрес жөніндегі талаптарды сақтамау туралы алаңдаушылық білдіруді талап етеді және үшінші тараптарды көтермелейді.

37. Осы Саясатпен қамтылған мәселелерге қатысты алаңдаушылығы бар кез келген жұмыскерге немесе өзге қауымдастырылған тұлғаға мұндай алаңдаушылық туралы КҚ-да ақылға қонымды қысқа мерзімде хабарлау қажет. Мұндай алаңдаушылық адал, сенімді және жаман ниетсіз білдірілуі керек.

38. Қор жұмыскерлер мен өзге де адамдар өздерінің хабарламалары тиісті түрде қаралатынына сенімді болуы үшін бастамашыл ақпараттандыру желісіне сенімділікті арттыру маңызды екенін мойындайды. Осыған байланысты, Қор жұмыскерлерге және өзге де қауымдасқан тұлғаларға тәуелсіз үшінші Тарапқа, оның ішінде құпия немесе анонимді негізде (бірыңғай жедел желі қызметі) өз алаңдаушылығын білдіруге мүмкіндік беру үшін белгіленген тәртіппен сыртқы операторды тартады. Мұндай хабарламалар тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн жіберілуі мүмкін.

39. Қор кез келген ықтимал бұзушылық туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін тікелей немесе жанама қозғайтын өзге де фактілер бойынша алаңдаушылық білдірген адамға қысым көрсетуден кепілдік береді. Тексеру жүргізілген сәтте немесе одан кейін мұндай адамға қатысты тәртіптік шаралар немесе жұмыстан босату әрекеттері немесе оның өтінішінде пайда болған адамдар тарапынан оған өзге қысым жасалмауға тиіс. Сондай-ақ қысымшылықтан кепілдік тексеру жүргізген немесе қолданыстағы заңнамада, ішкі ережелерде, Мінез-құлық кодексінде (мәліметтерді, құжаттарды, түсіндірмелерді және т.б. ұсыну арқылы тексеруге/тергеуге жәрдемдесу) көзделген өз міндеттері шеңберінде ықтимал бұзушылық туралы куәліктер берген адамға беріледі.

40. Бастамашылық ақпараттандыру желісі (жедел желі) бойынша келіп түсетін жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау Қордың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

7. Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметті қамтамасыз етуі

41. Қордың Директорлар кеңесі мен Басқармасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызмет үшін, оның ішінде тиісті



біліктілігі бар жұмыскерлердің жеткілікті санын бөлу, тиісті еңбек жағдайларын беру, ақпарат алмасу үшін коммуникациялардың ақпараттық жүйелеріне, сыртқы және ішкі құралдарына қол жеткізу, қажетті қаржыландыруды бөлу арқылы тиімді орта құруға ықпал етеді.

42. Жұмыскерлерді хабардар етудің қажетті деңгейін қамтамасыз ету және қолдау мақсатында Қор қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл мәселелері бойынша хабардар етуді және оқытуды тұрақты түрде қамтамасыз етеді.

43. Қор сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процестерін олардың жоғары тиімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету үшін автоматтандыру және цифрландыру жөнінде шаралар қабылдайды.

44. Директорлар кеңесі мерзімді негізде комплаенс қызметінен қордағы сыбайлас жемқорлыққа тиімді қарсы іс қимыл үшін бөлінетін ресурстардың жеткіліктілігі туралы ақпарат алады.

8. Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметінің нәтижелерін бағалау

45. Қор сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметінің нәтижелерін бағалау үшін қолданылған әдістер мен алынған көрсеткіштерді үнемі бағалайды.

46. Кемшіліктер мен сәйкессіздіктер анықталған кезде Қор сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджментінің процестері мен жүйесін түзетуге және/немесе жетілдіруге ден қояды және іс-қимыл жасайды.

47. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы бағалау мен қызметті жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қордың ішкі нормативтік құжаттарымен регламенттеледі.

9. Жауапкершілік

48. Қордың лауазымды адамдары мен жұмыскерлері сыбайлас жемқорлық әрекеттер жасағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қылмыстық, әкімшілік, азаматтық-құқықтық және тәртіптік жауаптылықта болады.

49. Қордың лауазымды адамдары мен құрылымдық бөлімшелерінің басшылары өз өкілеттіктері шегінде, сондай-ақ үшінші тұлғалардың - контрагенттердің басшылары шарттық қатынастар шеңберінде не жоғары тұрған органның (аудиторлар, агенттер, консультанттар және басқалар) тапсырмасы бойынша осы Саясатта белгіленген ережелерді іске асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру және үйлестіру үшін жауапты болады.

50. Адами ресурстармен жұмыс істеуге жауапты бөлімше (кадр бөлімшесі) басқару функцияларын атқаратын адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамада көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді жазбаша нысанда белгілегені және ақпаратты жариялағаны үшін,

сондай-ақ осы саясатқа 1-қосымшада көрсетілген жазбаша растауды жинағаны және сақтағаны үшін жауапты болады.

51. Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер жылына кемінде бір рет осы Саясатты адал ұстану жөніндегі өз міндеттемелерін 1-қосымшаға сәйкес мерзімді түрде жазбаша растауға міндетті.

52. Жауапты құрылымдық бөлімше (КҚ) КҚ туралы ережеде және Қордың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де құжаттарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі функциялардың тиімді орындалуы үшін жауапты болады.



**«Самұрық-Қазына» АҚ
Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл саясатына
1-қосымша**

Осы нысанды «Самұрық-Қазына» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында белгіленген талаптарды мұқият зерделегеніңізді, түсінгеніңізді және адал орындауға міндеттенгеніңізді растау үшін пайдаланыңыз.

РАСТАУ

Тиісті ұяшықтарды белгілеңіз

- Мен «Самұрық-Қазына» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын зерттегенімді және түсінгенімді растаймын.
- Мен «Самұрық-Қазына» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында белгіленген талаптарды қатаң сақтауға міндеттенемін.
- Мен «Самұрық-Қазына» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатты бұзған жағдайда мені азаматтық-құқықтық, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартуға, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен атқаратын қызметінен босатуға болатындығы туралы хабардар етілдім.

Мұнда қол қойыңыз

Аты-жөні (толық)

Қолы

20__ ж. «__»__

